

Тарихи анықтама

Жымпиты ауылы

№ 157

Жеке тектік қоры
“20” 12 2004 ж

Хабиева Кама Хабиқызы 1936 жылы 6 қарашада Батыс Қазақстан облысы, Жымпиты ауданы, Сарой ауыл советінде Шығанкөл (бұрынғы “Калинин” колхозы) елді мекенінде дүниеге келген.

1954 жылы Бұлдырты орта мектебінен орта білім алса, 1957 жылы Орал педагогикалық училищесін бітірген.

1968 жылы орта педагогикалық институтының филология факультетіне сырттай оқуға түсіп, оны ойдығыдай бітіріп шықты. Білімі жоғары.

Ұстаздық еңбек жолын 1957 жылы Талдыбұлақ орталау мектебінде бастаған. 1958 жылдан – 1994 жылға дейін аудандағы “Калинин” орталау, “Қособа”, Жымпиты орта мектептерінде мұғалім, аудандық оқу бөлімінде инспекторлық жұмыстар атқарды.

1976 жылы “Қазақ ССР-і халық ағарту ісінің үздігі” белгісімен марапатталған.

Өлең шығаруды 12-13 жасында бастап, қойып кеткен. Шығармашылықпен жүйелі айналасуы 1972 жылдан басталған. Жәнібектік ұстаз досы Зәкия Шүкірованың әншілігіне арнап “Әнші досыма” атты өлеңі бірінші рет басылымда 1980 жылы жарық көрді.

Өлеңдері жергілікті басылымдар мен қатар республикалық “Ақжелкен” журналы, “Алматы ақшамы” газетінде жарияланды.

Кама Хабиқызы өлеңдерімен бірге саз шығаруменде айналысады. “Анашым”, “Жан әке”, “Жас келін”, “Астанаға” әндерін аудан өнерпаздары орындап жүр. Көп жылғы педагогикалық іс тәжірибесі негізінде “Қазақ тілін үйренейік, балақай” атты танымдық-дидактикалық әліппеге қосымша көрнекі құрал, 10 көлемдегі сандарға “Сандардың сыңырлы сырына үңілсек” атты өлеңмен жазылған әдістемелік көрнекілік құрал даярлады.

Орал қаласының “Дастан” баспаханасынан Кама Хабиқызының “Сырым елінің сыршылдары” атты өлең кітабы жарық көрді.

Бүгінгі таңда зейнеткерлікке шықса да шығармашылықпен айналысуын одан әрі жалғастыруда. Аудандық “Ақ ниет” әжелер ансамблінің белсенді мүшесі.

15 желтоқсан 2004 жылы аудан орталығында ақынның “Періште көңіл” атты кітабының тұсау кесер рәсімі өтті.

Ұл қыз тәрбиелеп, немере-жиен сүйіп, бақытты ана болып отырған өнерлі жан.

Мемлекеттік мұрағаттың Сырым филиалының директоры:



Ф.Рамазанов